

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Құсмұрын кенті әкімінің 2025 жылғы 7 ақпандасы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2024 жылғы 14 қарашадағы № 35 Әулиекөл ауданы жер участкерлерін беру жөніндегі комиссияның отырыс хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әулиекөл ауданы Құсмұрын кентінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Әулиекөл ауданы әкімдігінің сәulet, қала құрылышы және құрылыш бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Құсмұрын кентінің аумағында орналасқан жалпы көлемі 0,0243 гектар жер участкесіне Әулиекөл ауданы Құсмұрын кентіндегі 300 орындық жалпы орта білім мектепке инженерлік коммуникацияларға қызмет көрсету үшін (су құбыры) қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құсмұрын кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Құсмұрын кенті әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

A. Абжанов